

**ISSN 2523-4684**  
**e-ISSN 2791-1241**

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ХОРЕОГРАФИЯ АКАДЕМИЯСЫ  
KAZAKH NATIONAL ACADEMY OF CHOREOGRAPHY  
КАЗАХСКАЯ НАЦИОНАЛЬНАЯ АКАДЕМИЯ  
ХОРЕОГРАФИИ

Ғылыми  
журналы

scientific  
journal

научный  
журнал

# ARTS ACADEMY

---

**1 (5) 2023**

Наурыз 2023  
March 2023  
Март 2023

---

2022 жылдың наурыз  
айынан шыға бастады  
published since March 2022  
издается с марта 2022 года

жылына 4 рет шығады  
published 4 times a year  
выходит 4 раза в год

Астана қаласы  
Astana city  
город Нур-Султан

### **Редакциялық алқаның төрағасы**

**Асылмұратова А.А.** - Қазақ ұлттық хореография академиясының ректоры, Ресей Федерациясының Халық әртісі, Ресей Федерациясы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

### **Редакциялық алқаның төрағасының орынбасары**

**Нүсіпжанова Б. Н.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері.

### **Бас редактор**

**Толысбаева Ж.Ж.** - филология ғылымдарының докторы, профессор.

### **Редакциялық алқа**

**Кульбекова А.К.** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан);

**Саитова Г.Ю.** - өнертану кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

**Ізім Т.О.** - өнертану кандидаты, профессор, ҚазССР-ның еңбек сіңірген әртісі (Қазақстан);

**Жумасейтова Г.Т.** - өнертану кандидаты, профессор (Қазақстан);

**Казашка В.** - PhD, қауымдастырылған профессор (Болгария);

**Вейзанс Э.** - PhD (Латвия);

**Туляходжаева М.Т.** - өнертану докторы, профессор (Өзбекстан);

**Фомкин А.В.** - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент (Ресей);

**Дзагания И.** - филология ғылымдарының докторы, профессор (Грузия);

**Таптыгова Е.** - PhD (Әзірбайжан).

Жауапты редактор: **Жунусов С.К.**

**Қазақ ұлттық хореография академиясының ғылыми журналы.**

**ISSN 2523-4684**

**е ISSN 2791-1241**

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою туралы **02.02.2022 жылы берілген**

**№ KZ77VPY00045494 куәлік.**

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тиражы: 300 дана

Редакция мекен-жайы: Астана қ., Ұлы Дала даңғылы, 43/1, 470 офис

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

### **Chairman of the Editorial Board**

**Asylmuratova A. A.**

- Rector of the Kazakh National Academy of Choreography, People's Artist of the Russian Federation, laureate of the State Prize of the Russian Federation.

### **Deputy Chairman of the Editorial Board**

**B.N. Nusipzhanova**

- Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Honoured Worker of the Republic of Kazakhstan.

### **Editor-in-Chief**

**Zh.Zh. Tolysbaeva**

- Doctor of Philology, Professor.

### **Editorial Board**

**A.K. Kulbekova**

- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor (Kazakhstan);

**G.Yu. Saitova**

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan);

**T.O. Izim**

- Candidate of Art History, Professor, Honored Artist of the Kazakh SSR (Kazakhstan);

**G.T. Zhumaseitova**

- Candidate of Art History, Professor, (Kazakhstan);

**V. Kazashka**

- PhD, Associate Professor (Bulgaria);

**E. Veizans**

- PhD (Latvia);

**M.T. Tulyakhodzhayeva**

- Doctor of Art History, Professor (Uzbekistan);

**A.V. Fomkin**

- Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor (Russia);

**I. Dzagania**

- Doctor of Philology, Professor (Georgia);

**E. Tptygova**

- PhD (Azerbaijan).

Executive editor: **Zhunossov S.K.**

**Scientific journal of the Kazakh National Academy of Choreography**

**ISSN 2523-4684**

**e ISSN 2791-1241**

Certificate of registration of a periodical, information agency and online publication of the Information Committee of the Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan **No. KZ77VPY00045494, issued 02.02.2022**

Frequency: 4 issues per year

Printing: 300 copies

Editorial Office: Astana city, Uly Dala avenue 43/1, 470 office

Phone: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Kazakh National Academy of Choreography, 2023**

#### **Председатель редакционной коллегии**

**Асылмуратова А. А.** - Ректор Казахской национальной академии хореографии, Народный артист Российской Федерации, лауреат Государственной премии Российской Федерации.

#### **Заместитель председателя редакционной коллегии**

**Нусипжанова Б.Н.** - кандидат педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан.

#### **Главный редактор**

**Толысбаева Ж.Ж.** - доктор филологических наук, профессор.

#### **Редакционная коллегия**

**Кульбекова А.К.** - доктор педагогических наук, профессор (Казахстан);

**Саитова Г.Ю.** - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженная артистка Республики Казахстан (Казахстан);

**Ізім Т.О.** - кандидат искусствоведения, профессор, Заслуженный артист КазССР (Казахстан);

**Жумасейтова Г.Т.** - кандидат искусствоведения, профессор, (Казахстан);

**Казашка В.** - PhD, ассоциированный профессор (Болгария);

**Вейзанс Э.** - PhD (Латвия);

**Туляходжаева М.Т.** - доктор искусствоведения, профессор (Узбекистан);

**Фомкин А.В.** - кандидат педагогических наук, доцент (Россия);

**Дзагания И.** - доктор филологических наук, профессор (Грузия);

**Таптыгова Т.** - PhD (Азербайджан).

Ответственный редактор: **Жунусов С.К.**

**Научный журнал Казахской национальной академии хореографии.**

**ISSN 2523-4684**

**e ISSN 2791-1241**

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания, информационного агентства и сетевого издания Комитета информации Министерство информации и общественного развития Республики Казахстан № **KZ77VPY00045494**, выданное **02.02.2022 г.**

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 300 экземпляров

Адрес редакции: г. Нур-Султан, пр. Ұлы Дала, 43/1, 470 офис.

Тел.: 8 (7172) 790-832

E-mail: artsballet01@gmail.com

© **Казахская национальная академия хореографии, 2023**

*Р. Бақытбек<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық өнер университеті  
(Астана, Қазақстан)

## **ЗАМАНАУИ «ҚЫЗ ЖІБЕК» ҚОЙЫЛЫМЫНДАҒЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ**

### **Аннотация**

Театрды дамытатын әуелі ол – көрерменнің ықыласын қанағаттандыратын қойылымдар. Театр репертуарынан нық орын алған шығармалардың негізгі міндеті – халыққа терең әсер беріп, тағылымды ой қалдыру. Жақсылыққа, адалдыққа шақырып, жамандықтан жирендіру. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік, тұрмыстық яғни ғаламдық мәселелерді аямай сынап, ізгілікті насихаттау. Мақалада Астана қаласы театрларының, соның ішінде Жастар театрының репертуары қарастырылды. Осы орайда, біршама уақыт халық назарынан тыс қалып қойған классикалық шығармаларды сүзгіден өткізіп, жаңаша нұсқада халық назарына ұсыныла бастауын атап өтсек болады. Әр кезең мен заманның өз өзекті мәселелері болады. Бүгінгі физикалық театр формаларының Қазақстан синтездік өнер кеңістігінде орындалуы қазіргі заманғы сахналық үлгілерінің қазақстандық синтездік өнер саласында кеңінен орындалуын режиссер Н.Жақыпбайдың жетекшілігімен қойылған «Жібек» мюзиклімен мәнін ашуға тырыстық.

**Түйінді сөздер:** театр, актер, драматург, режиссер, әдебиет, пластика, спектакль, перформанс.

*Р. Бахытбек<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный  
университет искусств  
(Астана, Казахстан)

## **ИНТЕРПРЕТАЦИЯ В СОВРЕМЕННОМ СПЕКТАКЛЕ «КЫЗ ЖИБЕК»**

### **Аннотация**

Театрализованное развитие – это, прежде всего спектакли, удовлетворяющие зрительские симпатии. Основная задача произведений, прочно вошедших в репертуар театра, – произвести глубокое впечатление на публику и оставить поучительную мысль, призывая к добру, честности, вызывая

отвращение ко злу, пропагандируя добродетель, безжалостно критикуя социальные, бытовые и глобальные проблемы, происходящие в обществе. В статье рассмотрен репертуар театров города Астаны, в том числе молодежного театра. В этой связи можно отметить, что классические произведения, которые некоторое время оставались вне поля зрения народа, начинают демонстрироваться в новом варианте. У каждого периода и времени будут свои актуальные проблемы.

В статье на материале мюзикла «Жибек», поставленного под руководством режиссера Н.Жакыпбая анализируется исполнение современных физических театральных форм и современных сценических моделей в сфере казахстанского синтез-искусства.

**Ключевые слова:** театр, актер, драматург, режиссер, литература, пластика, спектакль, перформанс.

R. Bakhytbek<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National University of Arts  
(Astana, Kazakhstan)

## INTERPRETATION IN THE MODERN PLAY «KYZ ZHIBEK»

### Annotation

*Theatrical development is, first of all, performances that satisfy the audience's sympathies. The main task of the works firmly included in the repertoire of the theater is to make a deep impression on the audience and leave an instructive thought. Calling for good, honesty, aversion to evil. Propaganda of virtue, mercilessly criticizing social, everyday and global problems occurring in society. The article examines the repertoire of theaters in Astana, including the youth theater. In this regard, it can be noted that classical works that have remained out of sight of the people for some time are beginning to be shown in a new version. Each period and time will have its own pressing problems.*

*The performance of modern physical theatrical forms in the space of Kazakh synthesis art, the extensive performance of modern stage models in the field of Kazakh synthesis art, we tried to reveal the essence of the musical «Zhibek», staged under the direction of director N.Zhakypbai.*

**Key words:** theater, actor, playwright, director, literature, plastic, performance, performance.

**Кіріспе.** Ел ордасы Ақмола облысына көшірілген кезеңнен бастап бас қаламыздағы мәдени ордаларды көптеп салу, білікті мамандарды тарту мәселесі алғы

шепке қойылды. Осындай бастамалар нәтижесінде Астана қаласында шаңырақ көтерген ордалы мәдени ошағы – «Жастар» театры еді. Жас театр 2007 жылдың 5 шілдесінде тұңғыш рет Ш.Айтматов пен Ә.Кекілбаевтың шығармалары желісі бойынша жазылған «Шыңғысхан» қойылымымен шымылдығын түрген болатын. Аталмыш театрдың бүгінгі хал-күйін жазуға, талдауға тұрарлық біршама құнды деректерге, тарихи кезеңдерге бай. Бүгінгі күні театр директоры қызметінде актер Әділ Ахметов жұмыс істеуде. Ал актерлік құрам Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында қызмет етіп жүрген ұлағатты ұстаз Нұрқанат Жақыпбайдың алғашқы курсынан жасақталады. Министрліктің тікелей бастамасымен жинақталған театрдың алғашқы құрамы бүгінгі күні де избасарларымен бірге бір сахнада еңбек етуде.

**Мақала әдіснамасы ретінде:** Теориялық әдістер, философиялық, өнертанушылық, психологиялық, ғылыми әдістемелік әдебиеттермен танысу, теориялық талдау жасау. Зерттеу нысандарымен ғылыми еңбектерін зерттеп, іс-тәжірибелерді жинақтау, саралау, актерлік шеберлік, режиссерлік жаңаша шешімдер, пьесалардың интерпретацияларына қатысты оқу құралдарымен, ғылыми-әдістемелік кітаптарды талдау, негізге алу.

**Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу.** Халқымыздың мәдени-рухани өмірінде театр өнерінің алатын орны ерекше. Ол – қазақ елінің өткені мен бүгінгі болмысының көркемдік сипаты, әрі сахналық тарихы. Қай елдің болса да театр кәсіби деңгейге бірден жете қалмайтыны белгілі. Театртанушы, зерттеуші Бағыбек Құндақбаев қазақ театрының дүниеге келген күнін 1915 жылдың 13 ақпаны деп жариялауды жөн деп санаған екен. Алғашқыда айтыстың сахналық жүйесін (инсценировка) жасап шағын көрініс жасаған халық өнерпаздары кейіннен «Қоянды жәрмеңкесі», «Дала театры», «Қызыл керуен», «Ес аймақ» сынды труппалардан бастау алып, сахналық ізденіс пен даму үзілмей, 1926 жылы 13 қаңтардағы Мемлекеттік театрдың ашылуына ұласады. 1915 пен 1926 жылдың

аралығында театр репертуарын жасақтайтын драматургия жанры туып, дамуға бет алады. Жинақтай айтқанда халық өнерінің бай қатынасынан тамыр тартқан драматургиямыз бен театр жаңаша дамудың белесіне қарай бағыт алды.

Бүгінгі күнде қара шаңырақ аталып кеткен Қазақтың М.Әуезов атындағы академиялық драма театрынан бастап облыстағы барлық театрларының тағдырына қатысты ой тәжірибе нәтижелері баспасөз беттерінде әсте де саябырсыған емес. Қазақстан театрларының шығармашылық жолымен таныс болғыңыз келсе, зерттеуші қаламгерлер еңбегінен туындаған құнды мәліметтер әркез-ақ тарих қойнауынан табылары сөзсіз. Қазақ мәдениетінің құрамдас бір бөлшегі саналатын театр өнері өз тарихының жарқын беттерін толықтыру үстінде. Осы орайда, қазақ театр зерттеушілері Қ.Қуандықов, Б.Құндақбаев, Л.Богатенкова, К.Нұрпейісов, Ә.Сығай, С.Қабдиева, Б.Нұрпейіс, А.Мұқан, М.Жақсылықова, А.Еркебай, З.Исламбаева, Н.Ескендіров тағы басқалардың да зерттеу жұмыстарынан айшықты пікірлер мен орамды ойларды молынан кезіктіруге болады. Аталған еңбектер болашақ театр мамандары үшін сахнатанудың басты бағдаршамы іспетті. Осындай тарихтан бастау алған театр өнерінің жаңа замандағы жалғастырушысы –Астана қаласындағы Жастар театры ұжымы.

**Зерттеу нәтижесі.** Өнердің жаңашылдықтан, ізденіс пен көптеген еңбек етуден, тәжірибелік зерттеулерден тұрады. Осы тұрғыда, көрерменге ерекше әсер сыйлап, құнды дүниелерді ұсыну үшін, заманауи формадағы бағыт қажет болды. Сондықтан да режиссерлеріміз осы бағыттарды ұстанып, жаңашалану үшін біраз еңбек пен тәжірибелерге сүйенді. Заман талабына сай қазақ өнері дамып, түлеп, түрленуге енді десек артық болмас. Бір маусым ішінде театр репертуарын екі-үш спектакльмен толықтырып отыратын Жастар театрының бұл зерттеу жұмысымызда қарастырылатын алғашқы қойылымы - халықтың шығармасы «Қыз Жібек» мюзиклі. Премьера 2018 жылы қойылып, қазіргі күні бірнеше



фестивальдерге қатысып жүлделі орындардан көрінді. «Қыз Жібек» қойылымын соңғы кездерде сахналардан жиі көріп жүрміз. Оны ең алғаш болып сахналаған М.Әуезов атындағы академиялық драма театры еді. Ал, содан кейін қазақ «Қыз Жібегін», «Астана-мюзикл» атты еліміздің жас театры Еуропаның төріне паш етті. Астана қаласының Жастар театры бұл қойылымды Кореяда көрсетіп қайтқан болатын. Қойылымның осындай жетістіктерге жетер жөні де бар. Мәңгілік махаббаттың символына айналған бұл жыр халқымыздың ұлттық рухани коды.

Еліміздің жас театры «Астана-мюзикл» қойған «Қыз Жібек» рухани өзекті болып ашылған. Мұнда біз ықшамдалған қойылым мен Е.Брусилковскийдің музыкалық шешімінің жанрға сай қойылғандығын аңғарамыз. Креативке толы режиссер Асхат Маемиров қойылым барысын өзі осылай жоспарлаған көрінеді. Бұл қойылымда режиссер Асхат Маемировтің өзіндік, режиссерлік көзқарасын, ізденісін, креативті шешімін көре аламыз. Қойылымнан біз қобыздың әуезді үнін, (қобызшы А.Омаров), ары қарай абыздың мәңгілік махаббатың жырын (жырау С.Қамиев) ести аламыз. Сайын даладағы жасампаз өмір мен махаббат. Сұлулық пен қызғаныш, зұлымдық пен мәртебе бәрін бірден сезінеміз. Ата-бабаларымыздың сонау жылдардан бері сақтап келген мәдениеті мен этникалық-этикалық контекстінің панорамасы көз алдыңнан өтеді.

«Қыз Жібек» мюзиклінің жаңашылдығы мен театр өнеріндегі орны жайлы өнертану кандидаты Т.Жаманқұлов төмендегідей пікірін білдірген: »Б.Атабаевтың «Қыз Жібек» мюзиклін классикаға басқаша көзбен қарау, классикаға еркін келу деп түсінемін. Баяғы канондарға табынып қалмай, ескі рамкалардан шыға отырып, суреткерлік қиялды шарықтатып көрсеткен. Қабылдауға болады. Консерваторлар қабылдамауы да мүмкін. Классикалық тұрғыдағы опера театрындағы «Қыз Жібекті» де қабылдаймын. Екеуі екі бөлек талғамның, екі бөлек режиссерлік шешімнің ісі. Б.Атабаев ұлттық салт-дәстүрді сақтай отырып, Қыз-Жібекке қарапайым бүрмелі көйлек, камзол кигізіп қойған,

Қыз-Жібектің психологиясын бүгінгі жастардың психологиясына жақындатуға тырысқан. Тек жарқ-жұрқ еткен музейлік нәрселер мүлде жоқ. Себебі, ол - Жібектің ішкі жан дүниесін көрсетуді мақсат тұтқан. Ол мақсатына жетті. Біз осылай қазақ екенімізді сырға, алқа, киіммен емес, ішкі тәрбие, жан дүниемізбен көрсетуіміз керек» [1. 25 б.].

Қойылымның басты ерекшелігі мен жетістігі - музыклді алғаш рет кейіпкерлер жасымен шамалас келген жас әртістердің орындауы еді. Е.Ілиясов бейнелеген Бекежан – Б.Атабаев қойылымының протогонисті. «Режиссер қазір Бекежандардың заманы екенін тура ұқтыра алды. Спектакльде Төлегенге қарағанда Бекежан алдыңғы кезекке көтерілген. Сахнадағы оқиғалар легі тек Бекежан мінезін терең ашуға бағытталған. Жібек пен Төлеген осы бейнені күшейту үшін әрекет жасап жүргендей әсер қалдырады» [2. 12 б.]. – деген пікірді қолдаймыз.

200 жылдан астам тарихы бар шығарманы интерпретация жасап, бүгінгі қоғам қабылдай алатындай сапалы спектакль жасау оңай шаруа емес. Несіне жасырамыз, қазақтың сана-сезіміне жат қылықтардан ада қойылым жасалса да, режиссер Н.Жақыпбайдың Жібегі эксперимент деңгейінен әрі аса алған жоқ. Әйткенмен де, әр қойылымды жастардың ептілігіне, қимыл-әрекетіне, кең диапазонды дауыстарына сәйкестендіріп жасайтын эстетик режиссер бұл жолы да әдетінен танбаған. Евгений Брусиловскийдің заманауи үнде жаңаша өңделген классикалық музыкасы өзінің көркемдік қуатымен ерекше. Бұл шығарманы режиссер осыдан бірнеше жыл бұрын Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясындағы өзінің шеберханасындағы шәкірттерімен дипломдық жұмыс ретінде қоймақ болған. Алайда мұндай жүгі ауыр классикалық қойылымға жас буынның шеберлігі жетпес деген оймен премьерә кейінге шегеріледі. Театрға қабылданған соң, дәл осы құраммен көрерменге ұсынды.

Артистің сахналық функциясының өзгеруі интерпретацияға сай. Спектакль мазмұнын, көркемдік идеясын, көздеген мақсатын жеткізудегі

релі әлі де басты орында тұрғанымен қазіргі таңда режиссерлер актерлерге Бертольд Брехттің эпикалық «оқшаулану» әдісін қолдана білуді талап етуде. Әрине бұл оқшауланудың тағы бір ерекшелікпен толыққанын айта кету керек. Бүгінгі таңда театрлық қойылымдарда «ирониялық оқшаулану» тәсілі тым көп пайдаланылады. Әсіресе, актерлік өнер арқылы іске асырылатын бұл тәсіл ұлттық қойылымдарды сахналауда кеңінен пайдаланылып жүргенін баса айтуымыз қажет.

Мюзиклде Төлегеннің әкесі Базарбай мен анасы Қамқа, жырдағы өзге де бізге таныс бірқатар кейіпкерлер алынып тасталған. Шығармада екі жақтың үлкендері, ақсақалдардың аты аталса, мұнда тізгінді жастардың өз қолына берген. Ру аралық қақтығыс, Бекежанның Жібек елін жаудан аман алып қалу сияқты тарихи фактілер бұл жерде бейнеленбеген. Нақты оқиға актер Мейірғат Амангелдин мен актриса Назерке Серікболова кескіндеген Төлеген мен Жібектің айналасында өрбиді. Басты кейіпкерлерден бөлек Бекежан, Шеге және Жібектің құрбысы Дүрия сияқты жастарды ғана қатыстырған. Бас-аяғы осы төрт-бес кейіпкер негізгі мизансценадан табылса, көпшілік сахнадағы артистер қойылым табиғатын ашуға көмектескен. Мюзикл жастардың бас қосуы, яғни бастаңғы салтының формасы негізінде жасалған. Басты назарға алынғаны – әуен мен пластикалық би қимылдары. Айталық «Қыз Жібек» спектаклі қазақ халқына тән ұлттық психология мен философияны ашуда ұмтылыс бар. Қойылымның режиссерлік шешімі өзгеше, бүгінгі күн талабына сай әрі ұлттық колоритпен көрініс тапқан. Н.Жақыпбай өз қойылымдарында әрекет арқылы уақыт пен кеңістікті пайдалануымен актер үшін ғана емес көрермендерге де ой тастайды. Шығарма болмысына бүгінгі күннің көзқарасымен келу арқылы тарихи оқиғаларды басқаша топшылайды. Шығарманың дәстүрлі қалпынан шығып, бүгінгі заманға әкелетін күрделі өзгеріс кіргізген. Мюзикл ретінде қойылған спектакльде ән-жыр, би мен заманауи цирктік қимыл-әрекеттер молынан пайдаланылады. Алайда жанр таңдау

жағынан режиссер қателік жіберген. Себебі бұл «мюзикл» емес! Дайын халық әндері мен отандық сазгерлердің әуендерін кірістірген музыкалық спектакль екендігі даусыз.

XIX-XX ғасырда өнер әлеміне үлкен жаңалық әкелген мюзикл жанры тыңғылықты дайындықты талап етеді. Трагедия, комедия, драма және т.б. жанрларда режиссердің жұмыс жоспарына дейін драматург идеясы, сөзі жеткілікті. Ал мюзикл жасау үшін композитор, ақындармен бірлесе отырып әр кейіпкер сөзін әуенге салып, арнайы музыка жазылуы керек. Осы сынды тағы да бірнеше этаптан тұратын күрделі жұмыс жүргізілуі тиіс. Бұл аталған шарттармен театр және кино салаларында мюзиклдің таңдай қақтырған талай туындылары бар. Атап айтар болсақ, ең бірінші әйгілі ағылшын драматургі Уильям Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» пьесасы желісімен сахналанған мюзиклді атауға болады. Композитор Жерар Пресгюрвик пен режиссер Жиль Амадудің бірлесе жасаған бұл еңбегіне тым көп уақыт жұмсалған. Сазгер Жерар Пресгюрвик екі жылдан астам уақытын музыка жазуға арнаған. 20 жыл бұрын алғаш Париж сахнасында қойылған «Собор Парижской Богоматери» мюзиклі автор Виктор Гюгоның романын одан әрі танымалдылық деңгейіне көтерген еді. Композитор Риккардо Коччанте өзінің бұрын жазған әуендері ішінен мюзикл табиғатына сай келетін бірнеше жұмысын ұсынып, әрі қарай либрето авторы Люк Пламондонмен бірлесе отырып партияларды жазып шығады. Барынша ізденіспен, керекті нота кілтін тең басқан еңбектің нәтижесі өнер әлеміне «Belle» (фр. – «Сұлу»), «Danse mon Esmeralda» (фр. – «Менің Эсмиральдам билеуде») және т.б. қайталанбас туындылар сыйлады. «Чикаго» мюзиклі де әлемдік деңгейдегі алғашқы үздік қойылымдар қатарында келе жатқанына 45 жыл болды. Өз деңгейлерінде жоғары бағаға ие болған бұл мюзиклдерді тізбектеу себебіміз неде? Біріншіден, жоғарыда аталып өткен қойылымдар «Мюзикл» жанрының жарқын үлгісі болуы тек қызықты тарихи оқиғаға байланысты емес екендігінде. Осы жерде «Қыз Жібектің» бұл туындылардан қандай кемшілігі

бар деген заңды сұрақ туындайды. Жібек оқиғасының өн бойы қазақтың салт-дәстүріне тұнған, рулық алауыздықты қамти отырып екі жастың сезімін суреттей алған тарихи шығарма. Мұнда екі ғашықтың сезімі – мелодрама, замандас жастардың әзіл-қалжың сөздері – комедия, рулық қайшылықтар – драма, Төлегеннің қайғылы өлімі – трагедия. Бір бойына осыншама жанрларды түйістіріп тұрған туындының көркемдік қуаты тым жоғары. Қай қырынан алып қарасақ та әлемдік туындылармен терезесі тең шығарма екендігіне ешкімнің таласы бола қоймас. Екіншіден, жоғарыда айтып кеткендей Жастар театрындағы бұл спектакльдің жанрдан қателесуі. Жанр мюзикл деп таңдалған болса, шығарма үніне сай әуендер, ең бастысы қара сөзді әнмен жеткізулері керек еді. Бұл жанрдың талабы осылай, ал Н.Жақыпбай сахналаған бұл Жібекке тағы да айтамыз мюзикл емес музыкалық қойылым деген баға бере аламыз.

Спектакльде басты кейіпкер жоқ. Ол біріншіден, кейіпкерлердің сахналық костюмдерінің концерттік бағдарламалардағыдай ұқсас болуынан байқалса, екіншіден, Жібек пен Төлеген, Бекежан мен Дүрияның көпшілік сахналарында үнемі қыз-жігіттердің арасында тең құрбыдай қатар жүруінен айшықталады. Себебі, режиссер олардың топтан даралануын, көп ішінен ерекшеленбеуін ескерген. Жібекте көп қазақ қыздарының бірі ретінде қарастырған. Оқиғаның басты ерекшелігі де осында.

Сондықтан басты кейіпкерлерді ойнайтын актерлер кейіпкердің ішкі жан-дүниесін ашуды емес сыртқы қалыбын жасауды мақсат тұтқан. Бұл жерде, Н.Жақыпбай Ежи Гротовскийдің «актердің рольдік функцияларынан бас тартуын» әдейі ойластырған, яғни, актерді кейіпкер ойына терең сүңгімеуге, оның өзін жасап кетпеуге бағыттайды. Бұл дегеніміз-қойылымда актер рөл ойнап жүргеннен көрі өздерінің Жібек жайындағы, Төлеген турасындағы түсінік-пайымдарын орындап жүр деуге болады. Нақтырақ айтсақ, актерлер негізгі кейіпкерлердегі махаббат пен тазалық ұғымын суреттеуге, жеткізуге талпынбайды. Олар өздерінің ішкі

толғаныстарындағы ғашықтық, жастық-жалын туралы ой-көзқарастарын ғана көрсетуді мақсат тұтқан.

Сахна ашылысымен Жібектің жақын құрбысы Дүрияны көреміз. Дүрияны жас актриса Шехназа Қызыханова ойнайды. Шымылдық ашылғаннан соңына дейін оқиғаның өрбуіне ат салысып, әр көріністің басы-қасында жүреді. Актрисаға бұл рөлді ойнау үшін өзімен көп жұмыс жасағандығы байқалады. Спектакльдегі Дүрия бейнесі турасында театртанушы Нартай Ескендиоровтың зерттеу-мақаласында былай деп жазылған еді... «Қойылымда Қыз Жібектен бұрын Дүрияның – Шехназа Қызыханованың бейнесі бірінші орынға шыққан. Актриса әр мизансценамен нақты жұмыс жасағанымен қатар, сөздері анық әрі қойылым барысында кейіпкерінің өсу эволюциясы айқын көрінеді. Ол жастар ойынын әзіл-қалжыңымен қыздырып, көңілдерін көтереді. Дүрия Бекежанның дауылпазын әзіл ойыны арқылы алдап, өзіне алып алатын мизансценалары арқылы Бекежанның аңғал екенін байқатады. Дүрия спектакльдің басынан аяғына дейін Жібектің жан дүниесін жақсы түсінгендіктен оған жаны ашиды. Ол нағыз достың қандай болуы керек екенін көрсеткен. Өскелең ұрпаққа: «Жан достар қандай болуы керек?» деген сұрағына жауап алады. Оның актерлік ойыны көркем тұрғыда жан-жақты ашылған әрі қимыл-қозғалысы ширақ»[3, 18 б.]. Иә, бұл пікірде аталып өткендей Дүрия рөліндегі Ш.Қызыханова жоғары деңгейдегі вокалдық дайындық, дене пластикасы, шынайы ойын мен артистің ішкі органикасы сияқты бір қатар ауыр дайындық кезеңдерінен сәтті өтіп, жанашыр құрбы әрі қызуқанды Дүрия рөлін жақсы бейнелеп шыға алған. Бекжан Керімбаев суреттеген Бекежанның сыртқы келбеті мен ішкі жан дүниесі сәйкес шыққан. Кең иықты пішінімен жанында жиналған жігіттерден анақұрлым күші мығым, айлалы екендігіне сендіреді. Оны жанындағы серіктері де мойындап, мақұлдағандай. Түрлі-қимыл әрекетке құрылған ерлер биінің мазмұны мен пішіні думанды атмосфераны сездіреді. Бидің жеке тұстарында Бекжан Керімбаев өзінің ешкімге теңдесі жоқ

екендігін баса көрсеткендей оқыс қимылдарға барады. Оның осындай кеңдігі мен ерлігі үшін Жібекте, басқалары да сыйлайды. Режиссер ойындағыдай Бекежан – Бекжан Керімбаевтың ойынында ақылдың да ерліктің де бұл қоғамға керегі жоқтығын оны түпсіз терең шыңырауға қарай итеріп, қылмыс жасауына әкеліп соқтыратындығы бейнеленген. Бұл шешім қазіргі біздің жәй-күйімізге де тура келеді. Өйткені әлеуметтік мәселелер уақытында шешілмегендіктен де адамдар шарасыздықтан қылмысқа барып, кінәлілер қатарын көбейтуде. «Бекежан» бейнесі туралы сөз бола қалса, бірден ойымызға келетіні С.Қожықовтың «Қыз Жібек» фильміндегі аңызға айналған Асанәлі Әшімов образы. Бұл кинодағы Бекежан бейнесіне жарқын мысал болса, театр сахнасынан талантты режиссер Ж.Хаджиев қойған «Қыз Жібек» спектаклін үлгі ретінде ала аламыз. 1986 жылы Ж.Хаджиевтің сахналауымен Жезқазған облыстық драма театрында қойылған бір нұсқасы бар. Сол қойылымда Бекежан рөлін сомдаған талантты актер Асылболат Ысмағұловтың ойыны турасында театртанушы Салима Мусина былай деп пікір білдірген еді. «Бекежан в исполнении А.Ысмагулова очень привлекательный человек, в нем нет и следа низких инстинктов, жестоких разгульности, кривожадности. Гибкий, атлетически сложенный юноша, с природенной изысканностью движений, легко перемещающийся в пространстве...» [4, 136 б] Бұл пікірден бізге белгілі болғаны, көп жағдайда озбырлықтың, жауыздықтың символы болып суреттелетін Бекежанның жаңа бейнеге өту процесі әлдеқашан басталғандығы. Яғни, Ж.Хаджиевтің пікірінше Бекежан өзіне тиесіліні алу үшін жанталасқан күрескер. Ол батыр, әрі албырт. Біз талдауға алып отырған Жастар театрының Бекежаны да осындай. Сырт көзге суық болып көрінуге тырысқанымен, жауыздықтан ада кейіпкер. Бекжан Керімбаевтың сәтті ойыны арқылы біз бұл кейіпкерді жаңа қырынан көре алдық.

Осы тұста Жастар театрынан сәл шегініс жасап, басқа режиссерлер сахналаған Жібек жайына

ойыссақ. Соңғы екі жылдың ішінде Астана қаласының қос театры Қыз Жібекті жаңа форматтағы қойылым жасауға тырысқан еді. Бірі «Жастар» театры болса, екіншісі Ә.Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театры. 2020 жылдың ақпан айында Ә.Мәмбетов театрында жас режиссер Дина Құнанбайдың режиссерлігімен «Қыз Жібек» трагедиясы қойылды. Жүсіпбек қожа Шайхисламұлының нұсқасы бойынша сахналанған бұл Жібектің финалы да, сюжеті де, кейіпкер мінезінің құбылысы да тым өзгеше. Жас режиссер Д.Құнанбайдың сахналауындағы Жібектің хал-күйі мүлдем басқаша. Кейіпкер табиғатын ашудағы ізденістердерінің 180 градусқа өзгерген формасы ретінде аталмыш екі қойылымды салыстыруды жөн деп таптық. Мысалы, Жастар театрының Төлегені – Мейірғат Амангелді Жібектің сұлулығын, ақыл-парасаттылығын көптен бері естіп жолығуға арнайы келген жолаушы кейіпінде көрінеді. Ал Ә.Мәмбетов театрының Төлегені қыз әкесінің ауқатты адам екендігін естіп, байлығына бола іздеп келе жатқан адамдай әсерде қалдырады. Оған дәлел Төлеген – Әли Дәулетбекұлы Қыз Жібектің еліне келеді. Қаршығаның айтуымен межелі жерге жеткенге дейін Төлеген талай қызды «сүйіп» үлгереді. Қаршыға барлығынан «Жібек емес!» деп қайтарып алады, осы сөз Жібекке жеткенге дейін бірнеше рет қайталаанады. Төлегеннің осы әрекеттеріне қарап отырып, Төлеген Қыз Жібекті жақсы көргендіктен емес, атағына қызыққандықтан іздеп келе жатқан жоқ па деген жанама ой туады. Екеуінің арасынан алаулаған махаббат сезімі, күллі қазаққа таңдай қақтырған екі жастың ғашықтығы бұл спектакльде мүлде жоқ. Бұдан шығатын қорытынды: өзіне емес атағына, атасының байлығына көз тігуші жеңіл ойлы Төлеген болып суреттеледі. Ал Н.Жақыпбайдың сахналауындағы Төлеген парасатты, алды-артын қатар ойлайтын жігіт. Жібек – Назерке Серікболованы құрбыларымен сауық құрып жүрген кезінде жолығып тілдесе келе өз сезімін білдіреді. Бұл біз білетін Төлегеннің типтік бейне. Режиссер Дина Құнанбайдың сахналауындағы Жібекте сахна ашылғаннан бастап Төлеген агрессивті



күйде жүреді. Анасына келіп: «Сен маған осы жасқа дейін қалыңдық алып бермей, қамап ұстадың!», - деп анасына қатты ашуланады. Осыдан кейін кішкентай баланың өксігін көрсетеді. Төлеген қойылымның басынан аяғына дейін өте өкпешіл, ашу-ызаға толы кейіпкер болып шыққан. Екі режиссерде Жібекті заманауи кейіпкер етіп жасау жолында бірқатар кемшіліктер жіберген. Мысалы, Жібек – Аида Жанұзақоваға берілген міндетінің дәрекі тұстары өте көп. Ұлы сөздің ұяттығы жоқ, талғамның, тектіліктің символы болған Жібек өкінішке қарай бұл спектакльде жеңіл жүрісті кезбе қыз кейіпіне енген. Оның күбіндегі суды шашып, оны астыртын түрде әдепсіз әрекеттің нышаны етіп көрсетуі бұл образға деген жеккөру сезімін тудырды. Бұл Д.Құнанбайдың ойындағы Жібек бейнесі еді. Ал Н.Жақыпбай Жібек кескіні мұндай типтегі былғаныш сахналарын мүлдем жақындатпаған. Иә Жібек рөліндегі Назерке Серікболова бойынан кербез паң мінезді, тартымды нәзіктікті, жұмбақ көзқарасты көре алмағанымыз рас. Дегенмен тарих әлдеқашан жасап қойған Жібектің бейнесіне жаңашылдық жасаймын деп жаңылыспағанын баса айту керек. Жастар театрының аталмыш қойылымы туралы ой қозғағанда, алдыңғы планға шыққан Дүрия образы Дина Құнанбай қойған спектакльдегі Дүрия бейнесінен тым алшақ екендігін бірден байқадық. Бұл қойылымда Дүрия бейнесі жоқ деп айтуға толық негіз бар. Біріншіден, «Әуелі бас қосқаным Жағалбайлы, Жылқысы көптігінен баға алмайды. Өлгені Төлегеннің рас болса, Құдайым Қыз Жібекті неге алмайды?» – деп Жібектің шарасыздықтан ширығып отыратын сахнасы бар. Жанындағы жұбатушысына «Жеңге!» деп мұңын жеткізіп отырады. Жібектің жеңгесі бейнесін ойнаған жас актриса Еңлік Айымғазы. Бірақ қойылым бағдарламасында «Дүрия» деп белгіленген. Бұдан шығатын қорытынды көптеген шатасулар мен керексіз интерпретациялық шешімдерге барған жас режиссердің жұмысы көп негативті пікір тудырды. Екі режиссердің алып отырған бір классикалық шығармасының сахналануындағы көркемдік қуаты әртүрлі.

Салыстырмалы тұрғыдан қарағанда екі жүйе бойынша жұмыс жасаған режиссерлердің Қыз Жібек кейіпкерлерін ашу тәсілдері өзгеше. «Жастар» театрының Жібегі Станиславский жүйесімен қойылса, Дина Құнанбай Б.Брехт системасын негізге ала отырып қойылым жасап шыққан. Нұрқанат Жақыпбайдың көзқарасымен қойылған бұл шығарманың Сұлтан Қожықовтың әйгілі туындысы болған «Қыз Жібек» фильмінің театрға арналған нұсқасы деуге болады. Тек драма музыкалық спектакль жанрына икемделген. Спектакльде актерлік ансамбль, динамика, ырғақ бар.

Қорытындылай келе айтарымыз, Н.Жақыпбай Жібекті нәзіктіктің, адалдық пен махабаттың құрбаны етіп көрсеткен. Финалдағы Төлеген екеуіне бірге жабылған ақ мата осының нышаны іспетті. Осы кезеңге дейін «Қыз Жібек» жыры зарлы ән, қаралы күй арқылы жеткізілетін. Актерлер Жібек пен Төлегеннің зар-запыранын сай-сүйегінді сырқыратар әуенмен, ішкі шерлерін мұңлы монологтарымен ашатын. Ал, Н.Жақыпбайдың бұл «Қыз Жібегі» басқа көркемдік өреден шыға алды. Ресейлік белгілі театртанушы П.Руднев: «Классикалық театрдың негізін құраушы – түрлену өнері – бүгінгі таңда көп мөлшерде эрозияға ұшырап отыр» [5, 45 б.] – деп жазды. Оның себебін зерттеуші ең бірінші актер өнерімен байланыстырып: «Заманауи театр актер мен рольдің күрделі, көп сатылы, парадоксальді және... тартысты қарым-қатынасын ұсынып отыр. Актердің жеке-даралығы, оның өздігі ендігі жерде басқа біреудің бет-пердесін өлшеп көру мәжбүрлігімен айқасқа түсуде. Актер өзінің толықтай басқа біреудің мінезіне енудің қажеттілігіне сенбейтіндей. Осы сенімсіздікке театрлық ойын мен көкейкесті мақсат құрылып жүр. Осылайша белгілі мөлшерде күрделене түскен қарым-қатынас механизмі көптеген театрлық стереотиптердің өздігінен жоғалуын қамтамасыз етіп отырғандай» [6, 1 б.], – деген ғалым сөзімен толықтай келісуге болады. Зерттеуші айтып отырған бүгінгі театрдағы рөл сомдаудың қиындықтары туралы мәселені режиссер ретінде Н.Жақыпбай өз тәжірибесінде кезіктіріп, көріп жүруі де мүмкін. Сол

себепті, ол актерге ең тиімді жол ретінде, рөлдік функциядан бас тарта отырып, жалпылама сезімді жеткізуге бар күшін жұмсайды. Әсіресе, қойылымға қатысатын актерлердің киім киісін көргенде әрине алғашқыда таңданыс болғаны рас. Дегенмен де, бұл жердегі кроссовкалар жастық шақтың атрибутына қарағанда, актерлердің іс-қимыл айшықтылығын жеткізуге қолайлы, күрделі сахналық трюктерді орындауға ыңғайлы костюм екені түсінікті. Жинақтай айтқанда, «Қыз Жібек» спектаклі актердің сахнада тіршілік ету өзгерісін көрсеткен қойылым болды.

**Қорытынды.** Қорыта айтқанда, тәуелсіздік жылдарында еліміздің театр режиссурасы өз дамуын тоқтатқан жоқ. Ілгері басып дамып келеді. Астана қаласы Жастар театрының драматургиялық шығармаларға жаңа көзқараспен қарап, тың ізденістермен жаңартып, әлемдік театр үдерісінде жүріп жатқан замануи шығармашылық дамуға үндес жаңашылдық пен соны өзгерістерге толы режиссерлік интерпретацияларды ұсынды деп айта аламыз. «Қыз Жібек» шығармасына жасалған интерпретация турасында Мюзиклде Төлегеннің әкесі Базарбай мен анасы Қамқа, жырдағы өзге де бізге таныс бірқатар алынып тасталған кейіпкерлер жайлы жіті айтылды. Шығармада екі жақтың үлкендері, ақсақалдардың аты аталса, мұнда тізгінді жастардың өз қолына берген. Басты назарға алынғаны – әуен мен пластикалық би қойылымдары. Айталық «Қыз Жібек» спектаклі қазақ халқына тән ұлттық психология мен философияны ашуға ұмтылған. Қойылымның режиссерлік шешімі өзгеше, бүгінгі күн талабына сай әрі ұлттық колоритпен көрініс тапқан. Н.Жақыпбай өз қойылымдарында әрекет арқылы уақыт пен кеңістікті пайдалануы актер үшін ғана емес көрермендерге де ой тастайды. Шығарма болмысына бүгінгі күннің көзқарасымен келу арқылы тарихи оқиғаларды өзінше топшылайды.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның өнері мен мәдениеті: өзекті мәселелер және жаңа көзқарастар. – Астана: Қазақ ұлттық хореография академиясы, 2018. – 256 б.
2. Сығай Ә. Сахна саңлақтары. – Алматы: Жалын, 1998. – 512 б
3. «Мәдениет» журналы. – №8(144). – Тамыз. – 2018.
4. Мусина С. Перестройка и художественная культура. – Алма-Ата: Өнер, 1990.
5. Руднев П. Ломка инструментария. (Как меняется современный) // Литературный журнал «Октябрь». – 2015. – №8. – 136 с.
6. Захаров Н.В. «Шекспиризм русской классической литературы»: тезаурусный анализ. – Москва: Моск. гуманит. ун-та, 2008. – 320 с.

### References:

1. *Qazaqstannyn oneri men madenieti: ozekti maseleler zhane zhana kozqarastar.* – Astana: Qazaq ulttyq horeografija akademijasy, **2018**. – 256 b. (*In Kazakh*).
2. Sygaj A. *Sahna sanlaqtary.* – Almaty: Zhalyyn, **1998**. – 512 b. (*In Kazakh*).
3. «Madeniet» zhurnaly. – №8(144). – Tamyz. – **2018**. (*In Kazakh*).
4. Musina S. *Perestrojka i hudozhestvennaja kul'tura.* – Alma-Ata: Oner, **1990**. (*In Russ.*).
5. Rudnev P. *Lomka instrumentarija. (Kak menjaetsja sovremennyj) // Literaturnyj zhurnal «Oktjabr'».* – **2015**. – №8. – 136 s. (*In Russ.*).
6. Zaharov N.V. «*Shekspirizm russkoj klassicheskoj literatury*»: *tezaurusnyj analiz.* – Moskva: Mosk. gumanit. un-ta, **2008**. – 320 s. (*In Russ.*).

**МАЗМҰНЫ / CONTENTS / СОДЕРЖАНИЕ**

**ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ ӨНЕР  
CHOREOGRAPHY ARTS  
ХОРЕОГРАФИЧЕСКОЕ ИСКУССТВО**

1. **М.Р. Асанова  
M.R. Assanova**
- МЕТОДОЛОГИЧЕСКА  
Я ОСНОВА  
ПРЕПОДАВАНИЯ И  
СИСТЕМАТИЗАЦИЯ  
ХОРЕОГРАФИЧЕСКОГ  
О ОБРАЗОВАНИЯ**
- ОҚЫТУДЫҢ  
ӘДІСНАМАЛЫҚ  
НЕГІЗІ ЖӘНЕ  
ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ  
БІЛІМ БЕРУДІ  
ЖҮЙЕЛЕУ**
- METHODOLOGICAL  
BASIS OF TEACHING  
AND  
SYSTEMATIZATION OF  
CHOREOGRAPHIC  
EDUCATION**
- 5**
2. **Ж.Д. Әлімжан,  
Е.Б. Мамбеков**
- Zh.D. Alimzhan,  
E.B. Mambekov**
- ИСТОРИЧЕСКИЕ  
АСПЕКТЫ РАЗВИТИЯ  
ЭСТРАДНОГО ТАНЦА**
- ЭСТРАДАЛЫҚ БИДІ  
ДАМЫТУДЫҢ  
ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ**
- HISTORICAL ASPECTS  
OF THE  
DEVELOPMENT OF  
POP DANCE**
- 15**

3. **С.А. Бәкірова**  
**S.A. Bakirova**
- МЕТОДОЛОГИЧЕСКИ  
Е ОСНОВЫ  
ПРОВЕДЕНИЯ  
НАУЧНО-  
ИССЛЕДОВАТЕЛЬСК  
ОЙ РАБОТЫ В  
ОБЛАСТИ  
ХОРЕОГРАФИЧЕСКОГ  
О ИСКУССТВА**
- ХОРЕОГРАФИЯЛЫҚ  
ӨНЕР САЛАСЫНДА  
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ  
ЖҰМЫСТАРЫН  
ЖҮРГІЗУДІҢ  
ӘДІСНАМАЛЫҚ  
НЕГІЗДЕРІ**
- METHODOLOGICAL  
FOUNDATIONS OF  
CONDUCTING  
RESEARCH WORK IN  
THE FIELD OF  
CHOREOGRAPHIC ART** 29
4. **А. Мирзаев**  
**A. Mirzayev**
- К ВОПРОСУ О  
СОЦИАЛЬНЫХ  
МЕДИА В  
СОВРЕМЕННОМ  
ИСКУССТВЕ**
- ЗАМАНАУИ  
ӨНЕРДЕГІ  
ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА  
МӘСЕЛелЕРІ  
ТУРАЛЫ**
- TO THE QUESTION OF  
SOCIAL MEDIA IN  
CONTEMPORARY ART** 38



**СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

7 **K. Kveliashvili,  
N. Kutsia**

**К. Квелиашвили,  
Н. Куциа**

**PICTORIAL  
OVERTONES OF  
GEORGIAN  
POSTMODERNIST  
MINIATURE (ON THE  
EXAMPLE OF ROSTOM  
CHKHEIDZE'S  
MINIATURES)**

**ЖИВОПИСНЫЙ  
ПОДТЕКСТ  
ГРУЗИНСКОЙ  
ПОСТМОДЕРНИСТСКО  
Й МИНИАТЮРЫ (НА  
ПРИМЕРЕ  
МИНИАТЮР  
РОСТОМА ЧХЕИДЗЕ)**

**ГРУЗИН  
ПОСТМОДЕРНДІК  
МИНИАТЮРАЛАРЫН  
ДАҒЫ КӨРКЕМ СӨЗ  
АСТАРЫНЫҢ  
СИПАТТАМАСЫ  
(РОСТОМ  
ЧХЕИДЗЕНҢҢ  
МИНИАТЮРАЛАРЫ  
МЫСАЛЫНДА)**

**76**



8	<b>Ж.Ж. Толысбаева Zh.Zh. Tolysbaeva</b>	<b>ОБРАЗ АЛМАТЫ В СТИХАХ ВЕРЫ САВЕЛЬЕВОЙ</b>	
		<b>ВЕРА САВЕЛЬЕВАНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АЛМАТЫ БЕЙНЕСІ</b>	
		<b>THE IMAGE OF ALMATY IN THE VERSES OF VERA SAVELYEVA</b>	<b>87</b>
	<b>Авторлар туралы мәлімет Information about the authors Сведения об авторах</b>		<b>98</b>
	<b>Мазмұны/Contents/ Содержание</b>		<b>101</b>

## «ARTS ACADEMY»

scientific journal  
наурыз/ март/ march  
2023

Пішім/ Format/ Формат 170x260.  
Офсетті қағаз/ Offset paper/ Бумага офсетная.  
Көлемі/ Scope/ Объём – 6,62 п.л.  
Таралымы/ Edition/ Тираж 300.

Қазақ ұлттық хореография академиясы  
Kazakh National Academy of Choreography  
Казахская национальная академия хореографии

Ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және аккредиттеу бөлімі  
The department of science, postgraduate education and accreditation  
Отдел науки, послевузовского образования и аккредитации

010000, Астана/ Astana  
Ұлы Дала/Uly Dala, 43/1, офис/ office/ офис – 470  
8 (7172) 790-832  
artsballet01@gmail.com  
artsacademy.kz